






|  |  |                      |
|--|--|----------------------|
|  АКАДЕМИЯ<br>ХОРЕОГРАФИИ | Халықаралық жас хореографтар конкурсы туралы ереже | Код: ПЛ-10.29/ОП/168 |
|  |  | Басылым: 3           |
|  |  | 1 бет 8 беттен       |

«Қазак ұлттық хореография академиясы» П.Т.Б. РМҚК ректорының  
« 01 » 2024 жылғы  
№ 26-А/2024 бұйрығымен бекітілді



**Халықаралық жас хореографтар конкурсы туралы ереже  
ПЛ-10.29/ОП/168**

| Лауазымы   | Т.А.Ә.           | Қолы  | Күні     |
|--|------------------|---|----------|
| <b>ӘЗІРЛЕГЕН:</b>  |                  |   |          |
| Педагогика кафедрасының профессоры   | Алишева А.Т.     |   | 25.01.24 |
| Хореография факультетінің деканы   | Тургинбаева А.Н. |  | 25.01.24 |
| <b>КЕЛІСІЛДІ:</b>  |                  |   |          |
| Оқу процесін әдістемелік қамтамасыз ету және цифрландыру бөлімінің басшысы | Қауапова А.      |  | 25.01.24 |

|  |  |                      |
|--|--|----------------------|
|  АКАДЕМИЯ<br>ХОРЕОГРАФИИ | Халықаралық жас хореографтар конкурсы туралы ереже | Код: ПЛ-10.29/ОП/168 |
|  |  | Басылым: 3           |
|  |  | 2 бет 8 беттен       |

## 1. Жалпы ережелер

1.1 Осы Халықаралық жас хореографтар конкурсы туралы ереже (бұдан әрі – Ереже) ұйымдастырушысы болып табылатын Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Қазақ ұлттық хореография академиясы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнында (бұдан әрі – Академия) Халықаралық жас хореографтар конкурсын (бұдан әрі – конкурс) ұйымдастыру және өткізу рәсімін реттейді.

1.2 Конкурс Қазақстан Республикасының жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының білім алушылары арасында В028-Хореография білім беру бағдарламаларының тобы және Академияның шетелдік серіктес ЖОО-лары бойынша өткізіледі. Халықаралық конкурс қазақстандық көрнекті балетмейстер **Зәуірбек Молдағалиұлы Райбаевты** еске алуға арналған.

1.3 Осы Ереже конкурсқа қатысуға үміткер барлық мүдделі тұлғалардың (бұдан әрі – конкурсанттар) танысуы үшін Академияның интернет-ресурсында орналастырылады.

1.4 Конкурс аясында Академияның жетекші оқытушыларының шеберлік сыныптары өткізіледі.

1.5 Конкурс Астана қаласында **2024 жылғы 5 сәуірде** өткізіледі.

## 2. Конкурсты өткізу мақсаттары мен міндеттері

2.1 Конкурстың мақсаттары:

- балетмейстер өнері саласындағы талантты жастардың шығармашылық әлеуетін қолдау және дамыту, өз идеялары мен ойларын іске асыру, хореография өнерін және Қазақстан композиторларының туындыларын көпшілікке танымал ету;

- жас хореографтарды қолдау және ынталандыру, қоюшылардың кәсіби-тұлғалық әлеуетін ашу, олардың өзін-өзі тануы, шығармашылық және оқу-практикалық қызметін ынталандыру;

- бидің жаңа түрлерін іздеу, заманауи би бағыттарын дамыту, хореографиялық өнер саласында тәжірибе және білім алмасу.

2.2 Конкурстың міндеттері:

- өзін-өзі іске асыру және өзін шығармашылық жағынан таныту үшін жағдайлар жасау;

- белсенді азаматтық ұстанымды, патриотизмді тәрбиелеу;

- аса талантты және дарынды жас балетмейстерлерді, қоюшы режиссерлерді анықтау;

- хореографияның әртүрлі стильдері мен жанрларында қойылымдық жұмыс дағдыларын дамыту;


- балетмейстер өнері саласындағы ең өзекті мәселелерді талқылау және жанды қарым-қатынас жасау үшін әр түрлі тәжірибесі мен дайындық деңгейі бар жас хореографтарға халықаралық пікірталас алаңын ұсыну.

## 3. Конкурсты өткізу тәртібі

3.1 Конкурс 2 форматта өткізіледі:

1) онлайн;



|  |  |                      |
|--|--|----------------------|
|  АКАДЕМИЯ<br>ХОРЕОГРАФИИ | Халықаралық жас хореографтар конкурсы туралы ереже | Код: ПЛ-10.29/ОП/168 |
|  |  | Басылым: 3           |
|  |  | 3 бет 8 беттен       |

2) аралас (онлайн және офлайн).

3.2 Конкурстың қазылар алқасының құрамы Академия ректорының немесе ол уәкілеттік берген тұлғаның бұйрығымен бекітіледі.

3.3 Конкурстың қазылар алқасына мынадай функциялар жүктеледі:

- конкурсанттардың конкурстық жұмыстарын осы Ережемен белгіленген критерийлерге сәйкес бағалау;

- конкурс жеңімпаздарын осы Ережеде белгіленген номинациялар мен өткізу форматы бойынша анықтау.

3.4 Қазылар алқасының құрамына кіреді:

- қазылар алқасының төрағасы;

- қазылар алқасының мүшелері – 4 адам.

3.5 Конкурстың қазылар алқасының шешімі түпкілікті болып табылады және конкурстың қазылар алқасы төрағасының және барлық мүшелерінің қолы қойылған хаттамамен ресімделеді. Дауыстар тең болған жағдайда, конкурстың қазылар алқасының төрағасы дауыс берген шешім қабылданады. Конкурс хатшысының дауыс беру құқығы жоқ.

3.6 Конкурстың қазылар алқасы конкурстық жұмыстарды келесі критерийлер бойынша бағалайды:

- қойылымның бірегейлігі, хореографтың түпкі ойы;

- музыкалық шығарманы таңдап алуы;

- музыкалық-драматургиялық әзірлеменің егжей-тегжейлігі;


- нөмірдің композициялық тұтастығы;

- хореографиялық жағынан көрсетудің көркемдік мәнерлілігі;

- орындау мәдениеті.

3.7 **Онлайн формат** конкурсанттардың екі турға қашықтан қатысуын көздейді.

| Турлар      | Конкурстың форматы | Қойылым  | Форма   | Номинациялар  |
|-------------|--------------------|--|---|---|
| Бірінші тур | онлайн             | кез-келген би жанры мен стиліндегі еркін тақырыпта, музыкалық шығарма таңдау еркімен<br>Хронометраж - 5 минуттан аспайды | ансамбль (орындаушылар 6-дан 16-ға дейін)             | 1) Хореография<br>- классикалық би;<br>- неоклассика<br>- халық биі;<br>- халық биін стильдеу;<br>- заманауи хореография<br><br>2) Спорттық бал билері<br>- суропалық бағдарлама;<br>- латынамерикандық бағдарлама;<br>- формейшн |
| Екінші тур  | онлайн             | конкурсқа қатысушы елдердің композиторларының шығармаларына кез келген би стилі мен жанрында еркін                       | шағын (1-ден 5-ке дейінгі орындаушылар қоса алғанда). | 1) Хореография<br>- классикалық би;<br>- неоклассика;<br>- халық сахналық би;<br>- стильденген халық биі;<br>- заманауи хореография.  |

|  |  |                      |
|--|--|----------------------|
|  ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНА<br>АКАДЕМИЯ<br>ХОРЕОГРАФИИ | Халықаралық жас хореографтар конкурсы туралы ереже | Код: ПЛ-10.29/ОП/168 |
|  |  | Басылым: 3           |
|  |  | 4 бет 8 беттен       |

|  |  |  |  |  |
|--|--|--|--|--|
|  |  | тақырыпта<br>Хронометраж - 4<br>минуттан аспайды |  | 2) Спорттық бал билері<br>- еуропалық бағдарлама;<br>- латынамерикандық<br>бағдарлама;<br>- секвей |
|--|--|--|--|--|

1) Комиссия үшін бейнематериал 2024 жылғы 20 наурызға дейін конкурсты ұйымдастырушының электрондық мекенжайына жіберілуі тиіс: [youngchoreographer@mail.ru](mailto:youngchoreographer@mail.ru).

2) Бейнежазбаға қойылатын талаптар: бейне файлдар \*.mp4 форматында да, сақтау мерзімі 2 (екі) ай бұлтты сақтауға арналған сілтеме түрінде де әртүрлі арнайы эффектілер мен монтаждарды (бейнероликтің ең аз ажыратымдылығы – 1920x1080 px) қолданбай, кескін мен дыбыстың жақсы сапасында көлденең түсірілімде қабылданады.

3) Музыкалық және өзге де туындыларға авторлық құқықтардың сақталуына конкурсант жауапты болады.

4) Конкурсанттар әр турға бір конкурстық нөмір ұсынады.

5) Екі өтінім толтырылған және осы Ережеде көрсетілген екі номинацияның талаптары орындалған жағдайда, екі номинацияға қатысуға болады.

6) Әрбір конкурстық жұмысты қазылар алқасы 10 (он) балдық шкала бойынша жеке бағалайды және тиісті бюллетеньде тіркеледі.

7) Конкурстың регламенттелген уақыты мен шарттарын бұзған конкурсант конкурсқа қатысудан шығарылады.


8) Конкурстың екі кезеңінің қорытындысы бойынша қазылар алқасының мүшелері үздік конкурстық жұмысты айқындайды.

9) Жұлделі орындар онлайн форматта қатысқан конкурс жеңімпаздары арасында бөлінеді.

**3.8 Аралас формат** конкурсқа қатысушылардың бірінші турға – **онлайн**, екінші турға – **офлайн** қатысуын көздейді.

| Турлар  | Конкурстың форматы | Қойылым  | Форма                                     | Номинациялар  |
|---|--------------------|--|---|---|
| Бірінші тур   | онлайн             | кез-келген би жанры мен стиліндегі еркін тақырыпта, музыкалық шығарма таңдау еркімен<br>Хронометраж - 5 минуттан аспайды | ансамбль (орындаушылар 6-дан 16-ға дейін) | - классикалық би;<br>- неоклассика<br>- халық биі;<br>- халық биін стильдеу;<br>- заманауи хореография<br><br>2) Спорттық бал билері<br>- еуропалық бағдарлама;<br>- латынамерикандық бағдарлама;<br>- формейшн |
| Комиссия үшін бейнематериал <b>2024 жылғы 23 наурызға дейін</b> конкурсты ұйымдастырушының электрондық мекенжайына жіберілуі тиіс <a href="mailto:youngchoreographer@mail.ru">youngchoreographer@mail.ru</a> .<br><b>Бейнежазбаға қойылатын талаптар:</b> бейне файлдар *.mp4 форматында да, сақтау мерзімі |                    |  |   |   |



|  |  |                      |
|--|--|----------------------|
|  АКАДЕМИЯ<br>ХОРЕОГРАФИИ | Халықаралық жас хореографтар конкурсы туралы ереже | Код: ПЛ-10.29/ОП/168 |
|  |  | Басылым: 3           |
|  |  | 5 бет 8 беттен       |

2 (екі) ай бұлтты сақтауға арналған сілтеме түрінде де әртүрлі арнайы эффектілер мен монтаждарды (бейнероликтің ең аз ажыратымдылығы – 1920x1080 px) қолданбай, кескін мен дыбыстың жақсы сапасында көлденең түсірілімде қабылданады.

|            |        |  |  |   |
|------------|--------|--|--|---|
| Екінші тур | онлайн | конкурсқа қатысушы елдердің композиторларының шығармаларына кез келген би стилі мен жанрында еркін тақырыпта<br>Хронометраж - 4 минуттан аспайды | шағын (1-ден 5-ке дейінгі орынадаушылар қоса алғанда). | 1) Хореография<br>- классикалық би;<br>- неоклассика;<br>- халық сахналық би;<br>- стильденген халық биі;<br>- заманауи хореография.<br><br>2) Спорттық бал билері<br>- еуропалық бағдарлама;<br>- латынамерикандық бағдарлама;<br>- секвей |
|------------|--------|--|--|---|

1) Конкурсанттардың электронды түрде тек USB тасымалдаушыда \*.wav немесе \*.mp3 форматындағы сапалы жазылған, конкурсанттың аты, тегі және орындалатын нөмірдің атауы көрсетілген фонограммасы болуы тиіс.

2) Музыкалық және өзге де туындыларға авторлық құқықтардың сақталуына конкурсант жауапты болады.

3) Конкурсанттар әр турға бір конкурстық нөмір ұсынады.

4) Екі өтінім толтырылған және осы Ережеде көрсетілген екі номинацияның талаптары орындалған жағдайда, екі номинацияға қатысуға болады.

5) Әрбір конкурсантқа оқу театрының сахнасында 10 (он) минуттық жаттығу уақыты беріледі (ені 9 м, тереңдігі 6 м, еңіссіз).

6) Жаттығу кестесі және конкурсқа қатысушылардың сөз сөйлеу тәртібі өтінімдер жиналғаннан кейін жарияланады.

7) Әрбір конкурстық жұмысты қазылар алқасы 10 (он) балдық шкала бойынша жеке бағалайды және тиісті бюллетеньде тіркеледі.

8) Конкурстың регламенттелген уақыты мен шарттарын бұзған конкурсант конкурсқа қатысудан шығарылады.

9) Конкурстың екі кезеңінің қорытындысы бойынша қазылар алқасының мүшелері үздік конкурстық жұмысты айқындайды.

10) Жүлделі орындар аралас форматта қатысқан конкурс жеңімпаздары арасында бөлінеді.

#### 4. Конкурсқа қатысу шарттары және оны ұйымдастыру


4.1 Халықаралық конкурс жариялау туралы ақпарат Академияның сайтында конкурс басталғанға дейін 30 (отыз) күннен кешіктірілмей орналастырылады.

Конкурсқа қатысуға үміткер тұлғалар белгіленген үлгідегі өтінімді 1-қосымшада көзделген нысан бойынша электрондық поштаға жібереді: [youngchoreographer@mail.ru](mailto:youngchoreographer@mail.ru).

4.2 Өтінімдер **2024 жылдың 10 наурызын қоса алғандағы** мерзімге дейін қабылданады.

Конкурсқа қатысуға өтінім берген тұлғалардың:

1) конкурстың шарттары мен өткізілу тәртібі туралы ақпарат алуға;

|   |  |                      |
|---|--|----------------------|
|  КАЗАХСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ<br>АКАДЕМИЯ<br>ХОРЕОГРАФИИ | Халықаралық жас хореографтар конкурсы туралы ереже | Код: ПЛ-10.29/ОП/168 |
|   |  | Басылым: 3           |
|   |  | 6 бет 8 беттен       |

2) конкурсқа қатысу үшін материалдар жіберуге құқығы бар.

4.3 Конкурсқа қатысуға өтінім берген тұлғалар:

1) осы Ережемен және конкурсқа қатысу үшін қойылатын талаптармен алдын ала танысуға;

2) осы Ережемен қарастырылған ережелер мен процедураларды сақтауға міндетті.

4.4 Конкурсқа қатысуға өтінім берген тұлғалар өтінімде көрсетілген ақпараттың растығына қойылатын талаптарды (академиялық адалдықты сақтау) және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарын, оның ішінде авторлық және сабақтас құқықтарды сақтау бөлігіндегі талаптарды бұзғаны үшін жауапты болады.

4.5 Конкурсты ұйымдастырушы үміткердің осы Ереженің талаптарына сәйкес келмеуі негізінде конкурсқа қатысуына рұқсат бермеуге құқылы.

4.6 Конкурсты ұйымдастырушы:

1) барлық конкурсанттар үшін бірдей тең жағдайлар жасауға;

2) конкурстың өткізілу жариялылығын қамтамасыз етуге;

3) конкурс нәтижелері туралы мәліметтердің алдын ала жария етілуіне жол бермеуге міндетті.

4.7 Конкурс жеңімпаздарын анықтау мақсатында ұйымдастырушы конкурсанттардан қосымша ақпарат сұратуға құқылы.

4.8 Осы Ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізілген жағдайда ақпарат Академияның ресми сайтында жарияланатын болады.

## 5. Конкурс жеңімпаздарын марапаттау тәртібі

5.1 Жүлделі орындар әр түрлі форматтағы және номинациядағы конкурс жеңімпаздары арасында бөлінеді.

### Бас жүлде

#### Онлайн формат

**Номинация: «Хореография»**

- I, II, III дәрежелі Лауреат;

- Дипломант.

**Номинация: «Спорттық бал билері»**

- I, II, III дәрежелі Лауреат;

- Дипломант.

#### Аралас формат

**Номинация «Хореография»**

- I, II, III дәрежелі Лауреат;

- Дипломант


**Номинация: «Спорттық бал билері»**

- I, II, III дәрежелі Лауреат;

- Дипломант.

Қазақ ұлттық хореография академиясы **ректорының жүлдесі**



|  |  |                      |
|--|--|----------------------|
|  КАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ<br>АКАДЕМИЯ<br>ХОРЕОГРАФИИ | Халықаралық жас хореографтар конкурсы туралы ереже | Код: ПЛ-10.29/ОП/168 |
|  |  | Басылым: 3           |
|  |  | 7 бет 8 беттен       |

Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Құрмет» орденінің иегері, «Үздік хореограф» номинациясы бойынша «Сахнагер» ұлттық театр сыйлығының лауреаты, «Үздік хореограф» номинациясы бойынша «Umai» Ұлттық сыйлығының лауреаты, «Ұлы дала мұрасы» концерттік бағдарламасы жұмысы үшін «Мәдениет және өнер саласындағы мәдениетаралық және этносаралық бірлікті нығайту саласындағы үздік жұмыстары мен шығармалары үшін» Ұлттық сыйлығының лауреаты Айгүл Әбікенқызы Тәтидің **жүлдесі**.

5.2 Барлық конкурсқа қатысушыларға (конкурсанттарға) қатысқаны туралы диплом беріледі. Жеңімпаздарға конкурстың тиісті дипломы табыс етіледі. Қазылар алқасы номинациялардағы барлық орындарды тағайындамау, орындарды конкурстың бірнеше қатысушылары (конкурсанттар) арасында бөлу (Бас жүлдені қоспағанда) құқығын өзіне қалдырады. Қазылар алқасының шешімі бойынша Бас жүлде тағайындалмауы мүмкін.

## **6. Конкурстың қаржылық шарттары**

6.1 Конкурсты ұйымдастырушы конкурсанттардың жол жүруін, тұруы мен тамақтануын, сондай-ақ оларды сахналық костюмдермен қамтамасыз етпейді. Конкурсқа қатысу бойынша барлық шығыстарды конкурсанттар дербес көтереді.

6.2 Конкурсты ұйымдастырушы конкурсқа қатысушыларға бекітілген кестеге сәйкес Академияның оқу театрының сахнасында аралас форматта конкурстың екінші туры алдында жаттығу өткізуге мүмкіндік береді.

6.3 Ұйымдастырушы барлық іс-шараларды интернет және теледидарда көрсету, кинотүсірілім, бейне тасымалдаушыға жазу және оларды конкурсанттар мен олардың әріптестеріне қаламақы төлеусіз одан әрі тарату құқығын өзіне қалдырады.

## **7. Қорытынды ережелер**


7.1 Конкурсты ұйымдастырушы:

1) конкурс жайлы жарнамалық және өзге материалдарды сайтта және кез келген көпшілік ресурстарда жариялау;

2) конкурс жеңімпаздарынан сұхбат алу;

3) марапаттар тапсыру кезінде фото және бейне түсірілім жүргізу және алынған материалдарды Академияның сайтында және кез келген басқа да көпшілік ресурстарында жариялау құқығын өзіне қалдырады.

7.2 Конкурс қорытындылары Академияның интернет-ресурсында конкурс аяқталған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірілмей жарияланады.

|   |  |                      |
|---|--|----------------------|
|  ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ХОРЕОГРАФТАР АКАДЕМИЯСЫ<br>АКАДЕМИЯ<br>ХОРЕОГРАФИИ | Халықаралық жас хореографтар конкурсы туралы ереже | Код: ПЛ-10.29/ОП/168 |
|   |  | Басылым: 3           |
|   |  | 8 бет 8 беттен       |

*1-қосымша*

## Халықаралық жас хореографтар конкурсына қатысуға өтінім

Мені конкурсқа қатысушылардың қатарына енгізуді сұраймын:

Конкурс форматы:

Қатысушының Т.А.Ә.:

Туған жылы:

Ел және білім беру ұйымы:

Білім беру бағдарламасы:

Телефон:

e-mail:

| №     | Шарттар                | Конкурстық бағдарлама |
|-------|------------------------|-----------------------|
| 1 тур | Номинация              |                       |
|       | Композитор             |                       |
|       | Бидің атауы            |                       |
|       | Стиль/жанр             |                       |
|       | Хронометраж            |                       |
|       | Орындаушылардың Т.А.Ә. |                       |
| 2 тур | Номинация              |                       |
|       | Композитор             |                       |
|       | Бидің атауы            |                       |
|       | Стиль/жанр             |                       |
|       | Хронометраж            |                       |
|       | Орындаушылардың Т.А.Ә. |                       |

Мен осы өтінімде көрсеткен барлық ақпарат өтінім беру сәтінде дұрыс және өзекті болып табылатынын растаймын. Конкурстың барлық іс-шараларын Менің/біздің қатысуымызбен интернетте және теледидарда трансляциялауға, кино түсіруге, бейне тасығыштарға жазылуға және оларды қаламақы төлемей-ақ одан әрі таратуға келісім беремін. Жеке куәліктің көшірмесін қоса беремін.

Қолы

Толтырған күні